ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 11 сәуір №5165-24-00-2/243 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.С.Чингиспаева,
сот отырысының хатшысы А.Амиркулованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шардара ауданының, Қоссейіт ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «DI» Диана Юсуфбековна Эшпулатова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор Н.Шалов
талап қоюшының өкілі З.Бейбіт

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Шардара ауданының, Қоссейіт ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - талап қоюшы, тапсырыс беруші) және дара кәсіпкер «DI» Д.Ю.Эшпулатова (бұдан әрі - жауапкер, орындаушы) арасында 2023 жылғы 3 наурызда №4, 2023 жылғы 24 наурызда №6 санды құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттары (бұдан әрі - шарттар) түзілген.

Аталған шарттарға сай жауапкер шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмыстарды орындауға міндеттенген, атап айтқанда

- №4 шарты (бағасы 10 830 086,40 теңге) «Панфилов көшесі, Қоссейт ауылы, тротуар мен спорт алаңдарын абаттандыру;» (бұдан әрі - №1 нысан);

- №6 шарты (бағасы 11 102 077 теңге) «Қоссейіт ауылдық округі Панфилов көшесіндегі спорт алаңшасын қоршау» (бұдан әрі - №2 нысан) бойынша жұмыстарды бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес орындауға міндеттеме алған.

Осы келісімдердің шарттары бойынша орындаушы 10 күн ішінде жұмыстардың өндірістік кестелерін ұсынып, тапсырыс берушімен бекітілген.

Атқарылған жұмыстардың актілеріне сәйкес (Ф-3, Ф-2) орындаушымен 2023 жылғы мамыр айында 5 551 044 теңгеге (№6 шарты бойынша) жұмыстар атқарылып, тапсырыс берушімен қабылданған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер жұмыстарды тиісінше орындамай, өз міндеттемелерін орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және кешіктірілген күндерге жалпы 101 593,20 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкерден талап қою бойынша пікір келіп түспеген.

Талап қоюшының өкілі З.Бейбіт талап қоюды қолдап, оны толық қанағаттандыруды сұрады.

Тиісті түрінде хабарланған жауапкердің өкілі сотқа келмеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сай іс келмеген жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

2024 жылғы 11 сәуірдегі сот ұйғарымен талап қоюшының жауапкерден 101 593,20 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы АПК-нің 279-бабының 1) тармақшасына сай осы бөлігінде қараусыз қалдырылған.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 18.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 21.05.2024, судья Рыскулбеков К. О., 21.05.2024
5165-24-3-1/195

Заңның 46-бабына сай мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның талаптарына сай шарттар 2023 жылдың наурыз айының 3 және 24 күндерінен бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарттар талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындады.

Шарттардың 2.1-тармағының талаптарына сай орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші орындалған жұмысты қабылдауға және орындаушы шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы шарттардың талаптарында ақы төлеуге міндетті.

Тараптармен келісілген өндірістік кестелері бойынша жұмыстар 2023 жылғы 25 желтоқсанға орындалуы тиіс болған.

Сотта анықталғандай, жауапкер 2023 жылдың 25 желтоқсанына №6 шарты бойынша 5 551 044 теңгеге ғана жұмыстарды орындап, ал №4 шарты бойынша жұмыстар мүлдем орындамаған.

Демек, қазіргі таңда, жауапкер шарттардың міндеттемелерін толық көлемінде орындамаған, ал шарттардың мерзімі 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шардара ауданының, Қоссейіт ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «DI» Диана Юсуфбековна Эшпулатова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «DI» Диана Юсуфбековна Эшпулатовадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 18.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.05.2024, судья Рыскулбеков К. О., 21.05.2024

Шешімге, АПК-нің 403,404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 18.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.05.2024, судья Рыскулбеков К. О., 21.05.2024

5165-24-3-1/195